Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

ТАЗАЛЫҚ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕР ЖАЙЫ ҚАЛАЙ?

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ШОҚАННЫҢ ТАҒДЫРЫ МЕН МҰРАСЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Отанды, ұлтты, әдебиетті, оның болашағын сүю үшін көп айқайдың керегі жоқ. Тынымсыз, жанашыр, табанды әрекет керек.

Шерхан МҰРТАЗА

№134
(4878)
Бейсенбі
13 қараша
2025 жыл

ELORDA AQPARAT

ASTANA AQSHAMY

Елорда шежіресі 35 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Газеттің өткен санында жазғанымыздай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путиннің шақыруымен 11-12 қарашада Ресей Федерациясына мемлекеттік сапармен барды.

Внуково-2 әуежайында мәртебелі мейманның келуіне орай Мәскеу гарнизонының құрмет қарауылы мен әскери үрмелі оркестрі сап түзеді. Мемлекет басшысын Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының бірінші орынбасары Денис Мантуров пен басқа да ресми тұлғалар қарсы алды. Екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Мемлекеттік сапар аясында екіжақты маңызды құжаттарға қол қойылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Владимир Путинмен келіссөздер жүргізді. Сондай-ақ Орал қаласында өтетін XXI Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастық форумының пленарлық сессиясына бейнебайланыс арқылы қатысты.

(2-бетте)



ҮЗДІК ЖАС ЖҰМЫСШЫ КІМ?

Бас қалада «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында студенттер мен жас мамандарға арналған «Үздік-2025» қалалық жобасы басталды.

Жас жұмысшы мамандардың әлеуетін ашуға және олардың кәсіби ынтасын арттыруға бағытталған жоба аясында астаналық студенттер мен жас мамандар арасында түрлі конкурс ұйымдастырылады. Қатысушылар өз шеберліктерін ағаш және жиһаз өндірісі, флористика, шаштараз өнері, аспаздық, мейрамхана сервисі, тәрбие саласы және автокөлік қызметі сияқты бағыттарда көрсетеді. Жоба аясында осыған дейін «Үздік аспаз-2025» және «Үздік мейрамхана сервисінің маманы» конкурстары өтті. Жалпы жұмысшы мамандарына арналған 15 конкурс өткізу жоспарланған. Байқаулар қорытындысы қараша айының соңында жарияланады.

АБАЙЛАҢЫЗ, КӨКТАЙҒАҚ!

Елорданың коммуналдық қызметтері қысқы маусым басталғалы тәулік бойы ауысымдық режимде жұмыс істеп жатыр. Көктайғақтың алдын алу шараларына ерекше назар аударылып отыр.

Шаһарымызда бірнеше күннен бері қар аралас жаңбыр жауып, қаланың басты көше магистралдары мен қоғамдық көлік жолдары үздіксіз тазартылып жатыр. Қала тұрғындарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында жолдар мен тротуарларға техникалық тұз себілуде.

Астана қаласының әкімдігі елорда тұрғындары мен қонақтарын қауіпсіздік ережелерін сақтауға, жолдар мен тротуарларда барынша абай болуға және ауа райы қолайсыз кезде алыс сапарға шықпауға шақырады.

Қар жауғалы елордадан арнайы полигондарға 17345 ауыр жүк көлігі рейсіне тиелген 216 мың текше метрден астам қар шығарылды.

КОЛЛЕДЖДЕН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАН

Астана қаласының Технологиялық колледжі елордада алғашқы болып City&Guilds халықаралық салалық аккредиттеуден сәтті өтті. Енді аталмыш оқу орнының түлектері халықаралық сертификат алып, әлемнің кез келген елінде жұмыс істей алады.

ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРК САЛЫНАДЫ

Астана қаласының мәслихаты кезектен тыс сессия отырысында елордада №2 индустриялық парк салуды қолдады.

– Қазақстан Республикасының индустриалдық және инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде Астана қаласының әкімдігі екінші индустриялық парк салу жөнінде жұмысты бастады. Парк арнайы экономикалық аймақ шегінде орналасады, аумағы 432 гектар жерді қамтиды, – деді Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов мәслихаттың кезектен тыс сессиясында.

Жаңа индустриялық паркте жалпы құны 500 млрд теңге болатын 100-ден астам инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланып отыр. Мұнда электрондық жабдық, фармацевтика, химиялық өнімдер зауыты, машина жасау, құрылыс материалдары, тағы сол сияқты салалық жобалар іске асырылады. Парк құрылысы үш кезеңге бөлінген. 2026 жылы басталатын құрылыс жұмыстарын 2028 жылы аяқтау жоспарланған.



№134 (4878) 13/11/2025 Бейсенбі





ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

ЖАСТАР АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА ҚЫЗЫҒАДЫ

Қазақстан Президенті Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының студенттерімен кездесіп, әңгімелесті. Студенттер Мемлекет басшысына қазақша тіл қатты. Олар Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың кітаптарында көрініс тапқан дипломатия мен ашықтық қағидалары Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында үлгі ретінде оқытылатынын жеткізді. Сонымен қатар жастар Абай Құнанбайұлы шығармашылығына зор қызығушылықпен қарайтынын айтты.

«Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген достық туралы ой орамдары өте ерекше. Ресей мен Қазақстан мәңгілік достықтың қос қанаты деп есептейміз. Екі елді, екі халықты риясыз, шынайы достық қарым-қатынас байланыстырады» деді жастар.

Мемлекет басшысы студенттердің қазақ тілін үйренуге деген ынтасына жоғары баға беріп, оларға сәттілік тіледі.

«Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты – өте беделді жоғары оқу орны. Бүкіл әлемге танымал. Қазақстан – бүгінде дербес мемлекет. Менің ойымша, Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтында алған білімдеріңіз болашақта мол пайдасын тигізеді. Өйткені түрлі елдер туралы, оның ішінде Ресейдің бұрыннан келе жатқан одақтасы Қазақстан жайында көп мағлұмат білу Сіздерге кейін жұмысқа орналасуға, сондай-ақ әлемде және өңірлік деңгейде бәсекеге қабілетті маман болуға көмектеседі» деді Президент.

БЕЙРЕСМИ ЖАҒДАЙДА ПІКІР АЛМАСТЫ

Қазақстан мен Ресей президенттері бейресми кездесу өткізді.

«Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Мәскеуге, осынау қасиетті жерге табаным тиген сәттен бастап көрсетілген ерекше сый-құрмет үшін Сізге ризашылығымды білдіремін. Жаңа ғана протокол аспектілері жөнінде айтылды. Шын мәнінде, Ресей астанасындағы ыстық ықылас мені қатты таңғалдырды әрі қуантты. Екіжақты ынтымақтастық стратегиялық серіктестік, одақтастық қатынастар сипатына ие. Барлық бағытта бірлесе жұмыс атқарып келеміз. Мемлекеттеріміз арасында ешқандай түйткіл жоқ. Мәселе туындаған күннің өзінде президенттер мен үкіметтер басшыларының күш-жігері арқасында оң шешімін табады. Сіздің шақыруыңызды зор ықыласпен қабыл алдым. Расында, бүгін бейресми жағдайда пікір алмасамыз. Менің Өзіңізбен талқылағым келетін біраз пікір-пайымым бар» деді кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев.

Владимир Путин мемлекеттік сапармен келген мәртебелі мейманына алғыс айтты.

«Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, ең алдымен, Сізге уақыт тауып, келіскеніміздей, мемлекеттік сапармен келгеніңіз үшін алғыс айтамын. Бұған шын жүректен қуаныштымын. Әрине, біз ұдайы байланыстамыз. Алайда астам қазақстандық аттанып, олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Бес жүзден астам отандасымыз Кеңес Одағының Батыры атанды.

ОДАҚТАСТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІ

Мемлекет басшысы Ресей Федералды Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы Валентина Матвиенкомен кездесті. Жүздесу



мемлекетаралық қатынастарда мұндай протоколдық дүниелер де маңызды. Бүгін бейресми жағдайда кездесіп, барлық өзекті мәселе бойынша әңгімелесеміз. Ал ертең әріптестермен бірге екіжақты қарым-қатынастың күн тәртібін қарастырамыз және перспективті бағыттарға назар аударамыз. Жалпы алғанда, біз осы жылды өте жақсы нәтижелермен аяқтаймыз, сондай-ақ таяу келешекке арналған жоспарды орындаймыз деп ойлаймын» деді Ресей Федерациясының Президенті.

МЕМОРИАЛҒА ГҮЛ ШОҒЫН ҚОЙДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ресей Федерациясына мемлекеттік сапарының екінші күні Александр бағындағы «Белгісіз жауынгер бейіті» мемориалына гүл шоғын қою рәсімінен басталды. Бір минут үнсіздіктен кейін оркестр Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын орындады. Содан соң Құрмет қарауылы еліміздің ресми делегациясының алдынан салтанатпен сап түзеп өтті. Қазақстан Ұлы Жеңіске зор үлес қосты. Майданға 1 миллион 200 мыңнан астам қазақстандық аттанып, олардың тең жартысы ерлікпен қаза тапты. Бес жүзден астам отандасымыз Кеңес Одағының Батыры атанды.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Валентина Матвиенко сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың, сондай-ақ парламентаралық диалогтың өзекті мәселелерін талқылады. Жоғары деңгейде қол жеткізілген барлық келісімге заңнама тұрғысынан сапалы қолдау көрсетудің және Қазақстан мен Ресей парламенттерінің күш-жігерін үйлестірудің маңызын атап өтті.

ТАЯУ КЕЛЕШЕКТЕ МАҚСАТЫМЫЗ ОРЫНДАЛАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путин Кремльдің Георгий залында келіссөз жүргізді. Мемлекет басшысы Ресей тарапының сапарды ұйымдастыруға мұқият әзірленгенін айтып, ризашылығын жеткізді.

«Владимир Владимирович, Сізге алғысым шексіз. Ерекше қонақжайлығыңыз үшін шын жүректен ризашылығымды білдіремін. Іс-шаралар жан-жақты ойластырылған. Біз үшін Ресей Федерациясына мемлекеттік сапар – биылғы ең айтулы оқиға. Министрліктер, ведомстволар барысында Президент бұл сапарын Қазақстан – Ресей сан қырлы ықпалдастығының айтулы кезеңі ретінде қарастыратынын айтты.

«Бұл сапар елдеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды жаңа деңгейге көтеру тұрғысынан тарихи маңызға ие» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесуі жайында айтып, екі елдің ресми делегация өкілдерінің қатысуымен өтетін келіссөздердің күн тәртібіне назар аударды.

«Кеше Владимир Владимировичпен екі сағатқа жуық жүзбе-жүз отырып әңгімелесіп, көптеген мәселені, өзара ынтымақтастықты және халықаралық ахуалды талқыладық» деді Қазақстан Президенті.

Валентина Матвиенко кездесу үшін Мемлекет басшысына ризашылығын білдіріп, Қазақстан Президентінің мемлекеттік сапарына Ресейдің ерекше мән беріп отырғанын жеткізді.

«Сіздің сапарыңызға өте үлкен дайындық жүргізілгенін білемін. Мазмұнды бағдарлама мен мемлекетаралық құжаттар пакеті әзірленді. Бүгін бұл құжаттарға мемлекеттер басшылары қол қояды. Аса құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіздің «Российская газета» басылымына жарияланған мақалаңызды мұқият оқып шықтым. Шынымды айтсам, Ресей – Қазақстан қарым-қатынасына қатысты тұстарына алып-қосарым жоқ. Екі ел арасындағы ынтымақтастықтың тарихы, бүгіні және болашағы жайында өте терең толғам жасағансыз» деді Ресей Федералды Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрағасы.

арқылы консультациялар жүргізіп, тыңғылықты дайындалдық. Өйткені ынтымақтастық ауқымы өте кең. Ресей Федерациясымен барлық салада тығыз байланыс орнаттық. Сіз жаңа ғана қандай жұмыс атқарылғаны, алдымызда қандай міндеттер тұрғаны жөнінде егжей-тегжейлі айттыңыз. Оған алып-қосарым жоқ. Шын мәнінде, мемлекеттеріміз арасындағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастар – саяси сыпайылық үшін айтылған сөз емес, өзара ынтымақтастығымыздың мәнін ашатын сипаттау. Сондықтан өзара қарым-қатынасымызда ешқандай түйткіл жоқ деп сеніммен айтуға болады. Әлгінде өзіңіз айтқандай, барлық сала табысты дамып келеді. Тауар айналымын 30 миллиард долларға дейін арттыру міндетін қойдық. Менің ойымша, бұл – қол жеткізуге болатын көрсеткіш. Таяу келешекте мақсатымызға орындалады деп ойлаймын. Ресей Федерациясымен атом энергиясы саласындағы ынтымақтастыққа айрықша тоқталғым келеді. Көп ұзамай «Росатоммен» станса құрылысын бастауға мүмкіндік беретін өте маңызды келісімдерге қол қоямыз. Бұл – серпінді жоба. Өйткені атом электр стансасы ғана салынбайды, мүлдем жаңа сала пайда болады. Білім саласындағы ықпалдастығымызды атап өткім келеді. Ресейдің 9 жоғары оқу орны, соның ішінде танымал университеттер Қазақстанда филиалдарын ашты. Бұл үшін Ресей Федерациясының білім саласы өкілдеріне ризашылығымды білдіремін. Сонымен қатар Омбы университеті жанынан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филиалы ашылды. Бұл да елеулі оқиға. Жалпы, білім саласына ерекше мән беремін. Өйткені жастарымызға жағдай жасау керек деп санаймын. Біздің мақсатымыз – жастарға Қазақстан мен Ресейдің жаңа тарихи және геосаяси кезеңдегі ынтымақтастығы мен достық байланыстарын аманаттау. Өскелең ұрпақ мұндай қарым-қатынассыз осынау алмағайып заманда өмір сүру мүмкін емес екенін түсінуге тиіс. Қазақстан Президентінің Ресей Федерациясына мемлекеттік сапары бұл міндетті белгілі бір деңгейде орындап отыр. Осы бағыттағы жұмыс жалғасын табады деп ойлаймын. Сол себепті Сізді Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақырамын» деді Президент.

Өз кезегінде Владимир Путин осы сапар қорытындысы бойынша бірнеше меморандумдар әзірленгеніне тоқталды.

«Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сізді Мәскеуде, Кремль сарайында қарсы алғаныма өте қуаныштымын. Бүгін Мәскеуге Үкімет мүшелерінен және бизнес өкілдерінен құралған үлкен делегация келгенін көріп отырмыз. Қазақстанмен арадағы қарым-қатынасымыз қарқынды дамып келеді. Негізгі құжаттарда жазылған уағдаластықтардың өзектілігін өмірдің өзі көрсетуде. Қазақстан мен Ресей – жақын серіктес, достас әрі одақтас елдер. Бұл нақты істерден байқалады. Ресей – Қазақстанның жетекші сауда-экономикалық серіктестерінің бірі және басты инвесторлар қатарында. Былтыр сауда айналымы 27 миллиард доллардан асты. Биылғы 9 айда бұл көрсеткіш 20 миллиард долларға жетті. Көптеген ресейлік компания Қазақстанда табысты жұмыс істеп жатыр. Қазақстанның бизнес өкілдері де Ресейде өз кәсіптерін ашып, белсенді жүргізуде. Біз халықаралық аренада тығыз байланыс орнаттық. Бірқатар өңірлік ұйымға мүшеміз. Алдағы күндері Бішкекте өтетін ҰҚШҰ форумында, одан кейін Санкт-Петербургтегі ТМД-ға және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер басшыларының дәстүрлі басқосуларында кездесеміз. Бағдарламамыз өте мазмұнды, оның барлығы орындалып жатыр. Сіздің бүгінгі сапарыңыздың қорытындысы бойынша меморандумдар әзірленді. Бұл байланыстарымызды жоғары мемлекетаралық деңгейге шығаруды көздейді. Әрине, бұл бізді қуантады. Қазақстанмен қарым-қатынасты одан әрі дамытуға ұмтыламыз» деді Ресей Федерациясының Президенті.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ҚҰРАМДА КЕЛІССӨЗ ЖҮРГІЗДІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путин екі ел делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді. Кездесу барысында саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық және гуманитарлық ықпалдастықтың кең көлемді мәселелері қарастырылды. Одан әрі мемлекеттер басшылары Орал қаласында өткен XXI Қазақстан – Ресей өңіраралық форумының пленарлық сессиясына бейнебайланыс арқылы қатысты. Биылғы форумның тақырыбы – «Жұмысшы мамандықтары – экономикалық өсімнің қозғаушы күші».

Қасым-Жомарт Тоқаев Форумға екі елдің нәтижелі стратегиялық серіктестігін айшықтайтын айтулы шара ретінде баға берді.

«Осы бірегей алаңда экономикалық, инфрақұрылымдық және гуманитарлық бағыттағы тың жобалар дүниеге келіп, кейін өңірлік деңгейде кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатады. Мұның маңызы зор. Өйткені экономикалық өсім және өнеркәсіп, ғылым, білім, мәдениет салаларындағы ынтымақтастық ең әуелі өңірлерде қалыптасады» деді Президент.

№134 (4878) 13/11/2025 Бейсенбі

АРДАГЕРДІ ЕСКЕ АЛДЫ

Әзірбайжан Мәмбетов көшесіндегі №5 үйде Ұлы Отан соғысының ардагері, Астананың құрметті тұрғыны Михаил Бутенконы еске алуға арналған мемориалдық тақта орнатылды.



Қазақстанның өнеркәсібі мен экономикасын дамытуға, сондай-ақ жастарды патриоттық тәрбиелеуге баға жетпес үлес қосқан адамға терең құрмет пен ризашылықтың белгісі ретінде ұйымдастырылған салтанатты рәсімге қалалық мәслихат пен Ардагерлер кеңесінің өкілдері, елордалық басқармалардың басшылары, марқұмның туыстары, әріптестері мен достары қатысып, оның өмір жолы мен еңбек қызметі туралы еске алды.

Михаил Бутенко Ұлы Отан және кеңес-жапон соғыстарына қатысып, ордендермен және медальдармен марапатталды. Оның 28 наградасы бар. Демобилизациядан кейін Рубцов машина жасау техникумын, содан кейін Алтай политехника институтын бітірді. Целиноградқа келіп, онда басшылық лауазымдарда жұмыс істеді, ұзақ уақыт «Целинсельмаш» зауытын басқарды, кейін Астана қаласы Ардагерлер кеңесіне жетекшілік етті.

Михаил Сергеевич өмір сүрген үйде қазір оның ұрпақтары тұрады. Олар үшін бұл күн маңызды оқиға болды.

– Көзі тірі болғанда атам бүгінде 98 жасқа толар еді. Осы қуанышты сәт оның туған күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Сүйікті атамның бейнесі мәңгі есімде қалады. Оның айтқан ақылдары әлі күнге жадымда. Ол қатал, бірақ өте мейірімді адам еді, – дейді немересі Раиса Яковченко.

Салтанатты іс-шара соңында ардагердің туыстары, әріптестері мен достары ескерткіш тақтаға гүл шоқтарын қойды.

Әсел ЖҰМАҒҰЛОВА

ЖАСТАР ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ

Жастар арасында есірткіге тәуелділіктің алдын алу мақсатында Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университетінде «Астана – есірткісіз қала» атты профилактикалық акция өтті.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Жиынға университет студенттері мен Астана қаласы Полиция департаменті жанындағы есірткі қылмыстарының алдын алу жөніндегі кеңестің мүшелері – белгілі спортшылар, актерлер, шығармашылық өкілдері және блогерлер қатысты.

Кездесуде нарколог-дәрігер психоактивті заттардың адам денсаулығына тигізетін зияны мен тәуелділіктің салдары туралы егжей-тегжейлі түсіндірді.

Полиция қызметкерлері есірткі заттарын сақтау, тарату және қолдану үшін көзделген жауапкершілікті еске салды.

– Жастар түсінуі керек өте маңызды нәрсе: есірткіні тіпті бір рет қолданып көрудің өзі денсаулық пен болашаққа орны толмас зиян келтіруі мүмкін. Біз студенттердің өз құқығы мен міндеттерін біліп, ең бастысы, саналы және қауіпсіз таңдау жасай алуын қалаймыз, – деді полиция подполковнигі Дамир Байбазаров.

Іс-шара барысында полицияның арнайы жасақ және кинологиялық қызмет мамандары көрсетілімдік жаттығулар өткізді. Жалпы есірткі қылмыстарымен күрес аясында биыл елордада жастармен 600-ден астам кездесу ұйымдастырылды. Сонымен қатар түрлі акциялар, спорттық іс-шаралар мен жастар белсенділерімен бірлескен рейдтер өтті. Қала аумағында шамамен 2000 есірткі жарнамасы жойылды.

ДЕПУТАТТАР ЭКОЛОГИЯ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Астана қаласының мәслихатында экология, қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласындағы 2026-2028 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларды қалыптастыру шеңберінде жоспарланған жобаларды қарауға арналған құрылыс, экология, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысы өтті.



Талқылауға депутаттар, қоршаған орта және табиғатты пайдалану басқармасының, аудан әкімдіктерінің, урбанистика орталығының, экологиялық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Қоршаған орта және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов 2026 жылға арналған жобада 16 бюджеттік бағдарлама қарастырылғанын хабарлады. Сонымен қатар ол 2026 жылға арналған 7 бюджеттік бағдарлама бойынша қосымша қажеттілік туралы баяндады. Негізгі бағыттардың қатарында жасыл аймақтарды кеңейту және күту, оның ішінде жұмыс істеп тұрған саябақтарды, сквелрді реконструкциялау және жаңаларын құру, «жасыл белдеуді» күтіп-ұстау, Есіл өзенінде, өзенге құятын ағындарда табиғатты қорғау іс-шаралары, қоғамдық кеңістіктерді реконструкциялау, көшеттік салу, атмосфералық ауаның жай-күйін бақылаудың қосымша экологиялық бекеттерін сатып алу, атмосфералық ауаның қалдықтарды жинау және қайта өңдеу, экологиялық білім беру және жастарды тұрақты даму жобаларына тарту туралы сөз болды.

Халық қалаулылары елорданың экологиялық тепе-теңдігін сақтау және жақсарту, әсіресе қала құрылысы мен көлік жүктемесінің өсуі жағдайында жүйелі және ұзақмерзімді инвестицияларды қажет ететінін атап өтті. Бұрын іске асырылған бағдарламалардың тиімділігі, индикаторлардың орындалуын бақылау, күтілетін нәтижелер бөлек талқыланды, өйткені басқармаға жергілікті және республикалық бюджеттен қаражат бөлінді.

Тұрақты комиссия төрағасы Владислав Сергеев отырысты қорытындылай келе, бүкіл блок бойынша, оның ішінде Талдықөл маңындағы экопаркті қаржыландыру, жаңа көшеттік салу бойынша толық ақпарат дайындауды сұрады. Ол басқарма басшысына депутаттармен бірге барлық шығынды қайта қарауды, басымдықтарды нақтылауды, жобалық ұсыныстарды пысықтауды ұсынды.

ҮЗДІК ПЕДАГОГТАР МАРАПАТТАЛДЫ

Елордада жыл сайынғы республикалық «Үздік педагог-2025» байқауының қалалық кезеңінің жеңімпаздары марапатталды.



Марапаттау рәсіміне еңбек ардагерлері, құрметті ұстаздар, мектеп басшылары және өткен жылдардың жеңімпаздары қатысты.

Салтанатты рәсімде сөз сөйлеген Астана қаласы Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев бұл тек марапаттау рәсімі емес, педагогтармен ашық диалог алаңы және білім сапасын арттыру жолдарын бірлесіп талқылау мүмкіндігі екеніне тоқталып, байқаудың мақсаты ұстаз мамандығының мәртебесін арттыру, заманауи технологияларды меңгерген талантты педагогтарды анықтау және озық педагогикалық тәжірибені тарату екенін атап өтті.

Байқауға жалпы 189 өтініш қабылданған, комиссия 134 өтінішті қараған. Қатысушылар арасында 22 балабақша тәрбиешісі, 100 мектеп мұғалімі, 1 қосымша білім беру маманы және 11 техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің оқытушысы болды. Сараптама нәтижесінде ең көп ұпай жинаған 10 педагог жеңімпаз деп танылып, республикалық кезеңге жолданған. Ал II кезеңнің қорытындысы бойынша «Үздік педагог-2025» республикалық байқауының жеңімпаздары қатарында Астана қаласы әкімдігінің «№71 мектеп-лицейінің» математика пәні мұғалімі Жүніс Октябрина, «Дінмұхамед Қонаев атындағы №66 мектеп-лицейінің» математика пәні мұғалімі Қайрат Батырбек, «Шерхан Мұртаза атындағы №63 мектеп-гимназиясының» қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Бакина Биғожина, «М.Мақатаев атындағы №74 мектеп-гимназиясының» тарих пәні мұғалімі Бағдагүл Рахымжан, Астана қаласы әкімдігінің «Жоғарғы транспорт және коммуникация колледжінің» арнайы пәндер оқытушысы Дина Айқымбаева, «Б.Момышұлы атындағы №53 мектеп-лицейінің» орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Аяужан Төрекенова, «Дарынды ер балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының» физика пәні мұғалімі Нұрбек Имаков, «№97 мектеп-гимназиясының» бастауыш сынып мұғалімі Айжан Сейітқызы, «№93 мектеп-лицейінің» химия пәні мұғалімі Гүлмира Оспанова және «Дарынды ұл балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернатының» биология пәні мұғалімі Құралай Жанасова бар. Оларға дипломдар, алғыс хаттар және 1 000 000 теңге көлемінде ақшалай сертификаттар табысталды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АККРЕДИТТЕУДЕН ӨТТІ



Астана қалалық Технологиялық колледжі елордада алғаш болып City&Guilds халықаралық салалық аккредиттеуінен сәтті өтті.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

City&Guilds халықаралық деңгейдегі аккредиттеу – колледждің оқу бағдарламасы мен білім сапасының әлемдік талаптарға толық сәйкес келетінін дәлелдейтін маңызды көрсеткіш. Қазіргі таңда еңбек нарығы бәсекеге толы. Осы бағытта Технологиялық колледждің бұл жетістігі – студенттерге ашылған үлкен мүмкіндік.

Наубайшы мамандығы бойынша білім алып жүрген 20 студент пен 4 өндірістік оқыту шебері кәсіби білігін сынақтан өткізіп, халықаралық үлгідегі емтиханды сәтті тапсырып шықты. Ең қуаныштысы, енді бұл түлектер өз ісін тек Қазақстанда ғана емес, әлемнің кез келген елінде абыроймен атқара алады.

«Халықаралық деңгейдегі сертификат алу – үлкен мәртебе. Бұл – осы білім ордасындағы оқытушылар мен ұстаздар ізденісінің жемісі. Еліміздің экономикасына елеулі үлес қосатын жастар өсіп келеді. Әлемдік аренада қазақ балалары әрбір салада көш бастап тұруы тиіс» деді Халықаралық сертификатты табыстау рәсіміне қатысқан ҚР Парламенті Сенатының депутаты, әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп.

City&Guilds – кәсіби біліктілікті халықаралық деңгейде бағалайтын беделді ұйым. Оның сертификатын иеленген түлектер Ұлыбританиядан бастап Еуропа мен Азия елдерінде де өз саласында еркін жұмыс істей алады.

Астаналық Технологиялық колледждің бұл жетістігі – елорданың ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышы. Өйткені бұл табыс еліміздегі техникалық және кәсіптік білім берудің жаңа сапалық кезеңге көтерілгенін, ал қазақстандық жастардың әлемдік бәсекеге қабілетті деңгейге жеткенін көрсетеді.

СЕРТИФИКАТТАР ТАБЫСТАЛДЫ

Бас қалада дін қызметкерлеріне арналған «Этика, иман және жасанды интеллект: цифрлық қоғамдағы діни қызметкерлердің рөлі» тақырыбында семинар өтті.

Іс-шараны Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Qamqor-Astana» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

– Бұл іс-шара имамдар мен дін саласында оңалту жұмыстарымен айналысатын теологтарға арналған. Бүгінгі таңда олар ЖИ құралдарын меңгергені дұрыс. Ғаламторда деструктивті діни ағымдарға қарсы насихат жұмыстары жүргізіледі, сондай-ақ дәстүрлі діни құндылықтарымызды насихаттау бар. Бұл жұмыста жасанды интеллектіні қолданып, уақыт үнемдеуге болады. Семинар барысында медиа саласында ЖИ пайдалану, ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтауды үйрену, сондай-ақ ЖИ пайдаланудың этикалық қағидаттары мәселесі көтерілді, – деді қоғамдық қордың теологы Дастан Сақан.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, дін саласының 30-дан астам маманы цифрлық және этикалық құзыреттілігін арттырып, оны діни қызмет пен ағартушылық жұмыста тиімді қолдануды меңгеруде.

Семинар соңында қатысушыларға сертификаттар табысталды.

№134 (4878) 13/11/2025 Бейсенбі



Сұлтан СЕЙІТ



ТАЗАЛЫҚ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Астананың айналасы, көше бойындағы жолдар мұнтаздай жарқырап тұруы үшін елордадағы коммуналдық қызмет саласының жұмысшылары күн-түн демей тынымсыз еңбек етеді. Айналаны жазда шаңнан, қыста қардан тазартып жүрген «Астана Тазалық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жол жұмысшысы Береке Болатбек солардың қатарынан.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Қаладағы жолдардың тазалығына жауапты жанмен Кенесары көшесінің бойында таныстық. Күн сайын осы маңдағы көшелер мен күре жолдарды ретке келтіріп, бас шаһардың ескі орталығында тазалықтың орын алуына аянбай үлес қосып келе жатқан жұмысшы келіншек өзі туралы және бұл кәсіпке қалай келгені жөнінде қысқаша баяндап берді.

– Жасым 31-де. «Астана Тазалық» мекемесінде 2012 жылдан бері жұмыс істеп келемін. Моңғолия жерінде дүниеге келіп, балалығым Баян-Өлгей аймағында өткенмен, ес біле келе ата-анаммен және бауырларыммен бірге атамекенге оралдық. Көкшетауда білім алып, орта мектепті бітіргеннен кейін өзімнен жасы үлкен апайларымнан айлығын кешіктірмей уақытылы беріп тұратын еңбек орны туралы естіп, ақыры «Астана Тазалық» серіктестігіне жұмысқа орналастым. Дәл сол кезде дүниеге келген шақалақ бүгінде бір мүшелді артқа тастаса керек. Міне, содан бері 13 жыл өте шығыпты. Жаз бен көктемде көшелердегі қоқыстарды, күз айларында жерге түскен жапырақтарды жинаймыз, субұрқақтардың маңайын, аулаларды ретке келтіріп, қоқыс жәшіктерін босатсақ, қыста қаланы қардан тазартамыз, – деп бастады әңгімесін Береке Болатбек.

Бүгінде ол қаладан 45 шақырымдай жерде орналасқан Жаңажайнақ ауылында тұрады. Айтуынша, бұл жақтан осында нәпақа табу мақсатымен келетіндер көп. Өз басы күн сайын таңғы үште оянады, төртке он бес минут қалғанда автобус ауылдан қалаға қозғалады екен.

– Бірінші ауысымдағылардың жұмысы таңертеңгі сағат 6-да басталады, 10-нан 12-ге дейін түскі үзіліс. Үште жұмыс аяқталған соң арнайы автобус бізді ауылға жеткізіп тастайды. Негізі, мен осы Кенесары көшесінің бойын жинаймын. Жұмыс оңай емес, әрине. Әсіресе аязды, боранды күндері ауыр. Осы мезгілде жұмыстың қиындайтынын ескере келе, жалақымызды көтерсе жақсы болар еді. Жалпы мекемеде жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуі үшін барлық жағдай қарастырылған. Жалақыдан бөлек, мереке сайын сыйақы түсіп тұрады. Қалада тұратындар қоғамдық көліктерде тегін жүреді. Қыстыгүндері тегін тамақпен қамтамасыз етті, – деді жұмысшы.

Қала тұрғындары арасында тазалық қызметкерлерінің жұмысына құрметпен қарайтындар қатары жыл өткен сайын артуда. Қазір қолындағы қоқысты тастау үшін адамдардың көбі арнайы жәшікті іздейді. Кейде жолдан өтіп бара жатқан егде адамдар ерінбей тоқтап, алғысын жаудырып жатады. Күнделікті жұмыс барысында бетпе-бет кездесіп жүрген осындай жайттармен бөліскен тазалықшы айналаның айнадай болуы әркімнің өзінен басталуы керектігін алға тартты.

– Тазалық отбасынан басталады. Екі қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған ана ретінде мен үйде оларды бөліп-жармай, кішкентайынан қолданған заттарын орнына қойып дағдылануға тәрбиелеп келемін. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» демекші, баланы тазалыққа бала күнінен бейімдеген дұрыс деп есептеймін. Сонда әркім жауапкершілікті сезініп өседі, – деді Береке Болатбек.

Сарыарқа ауданы бойынша учаске шебері Гүлнәр Нұрмышева да осында жүр екен. Ол елордада күн суытып, қар түскелі бері қарбалас күшейгенін жеткізді.


– Біздің «Астана Тазалық» ЖШС – қаланың санитарлық тазалығын қамтамасыз етумен айналысатын кәсіпорынның бірі. Мұндағы жұмысшылар елорданың көшелері мен тротуарларын тазалау, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару және тасымалдау, қар жинау әрі шығару, қысқасы Астананың санитарлық-экологиялық жағдайын жақсарту жұмыстарын жүзеге асырып келеді. Кәсіпорын аудан әкімдіктерімен тығыз жұмыс істейді және тазалық сақтау бойынша мемлекеттік тапсырмаларды орындайды. Жалпы қар тазалау жұмыстары әуелі механикаландырылған әдіспен басталып, қол күшімен жалғасады. Бригада мүшелерінің әрқайсысының өз міндеті бар. Жол жұмысшылары екі ауысыммен жұмыс істейді. Кешкі бригада тағы бар. Астана үлкен қала болғандықтан, тазалықшылар қанша жинап жатса да, кейде таңертең реттеп кеткен жерлері түстен кейін шашылып жататын кездер болады. Ондайда біздің жұмысшылар қабақ шытпайды, қоқысты қайта жинайды, – деді шебер.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, маңдай терімен табыс тапқан адам оны мақсатсыз шашып, ысырап қылмайды. Үнемшіл, қанағатшыл әрі ұқыпты болады. Адал еңбегімен астана көшелерінің айнадай болуына үлес қосып жүрген Береке Болатбектің бойынан осы қасиеттерді байқадым. Күн сайын таңмен таласа тұрып, тәулік бойы тыным таппайтын қарапайым еңбек адамы қандай құрметке де лайық!

КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ

ЗАМАНАУИ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ ОШАҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында елордада жаңа үлгіде мектептер салынып, пайдалануға беріліп жатыр. Соның бірі – биыл ашылған №115 жалпы білім беретін мектеп. Заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған инновациялық оқу орнында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект жүйесіне негізделген жобалар іске асырылып, бүгінгі таңда екі ауысымда 4 мыңнан аса оқушы сапалы білім алуда.



Аталмыш мектеп басшысы Жұлдыз Рахметованың айтуынша, білім ордасында сабақ кестесі мен оқу үдерісі цифрлық жүйе арқылы басқарылып, білім сапасы артып жатыр.

«Бүгінгі таңда мектепте 4570 бала білім алады. Білім ордасы қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағытта оқытады. «ЖИ мектептері» жобасы бойынша ColdiPlay бағдарламасы, Alaqan Mektep, BilimClass, Otan Mektep, Artisan Education инновациялық жобалары негізінде жұмыс атқарылады» дейді №115 жалпы білім беретін мектеп директоры Жұлдыз Қуанышқызы.

Artisan Education платформасы негізінде жүзеге асырылатын инновациялық жоба бағдарламалау мен электрониканы біріктіріп, оқушыларға «ақылды» құрылғылар жасауға мүмкіндік береді. Басшының айтуынша, бұл – STEM білімін дамытудың тиімді тәсілі.

«Мектептің материалдық-техникалық базасы толық қамтылған. Педагогтер hr.nobd, edu.kz платформасы және еңбек.kz арқылы іріктелді. Мектепте оқушылар қауіпсіздігі бірінші орынға қойылған. Face ID жүйесі мен Protector AI буллингке қарсы бағдарламалары қойылған» дейді мектеп басшысы.

Бұл мектеп Efekta қанатқақты жобасына қатысуда. Аталмыш жоба әр оқушыға жеке оқу тәсілін ұсынады. Мұғалімдерге тиімді сабақ өткізуге және оқушыларға нәтижелі білім алуға мүмкіндік береді.

Жұлдыз Рахметова мектепте антибуллинг камералары орнатылғанын айтты. Бұл жүйе оқушылар арасындағы келіспеушілік пен буллинг жағдайларын автоматты түрде анықтап, қауіпсіз орта қалыптастыруға көмектеседі. Otan Mektep жүйесі де енгізілген. Face ID және турникеттер арқылы оқушылардың кіруі мен шығуы бақыланып, қауіпсіздігі толық қамтамасыз етіледі. Оқушылар ақылы түрде тамақтанатын болса, Alaqan жүйесі арқылы төлемді алақанмен жасайды. Бұл жүйе баланың саусақ іздерін қажет етпейді. Алақан сканерленген кезде көктамыр өрнегі арқылы анықтайды.

Жасанды интеллектке құрылған мектепте әр сабақ пен жоба инновация мен технологияға негізделген. Жуырда осы оқу орнында «AI Robotics-2025» атты семинар-практикум өтті. Оның мақсаты – жасанды интеллект пен робототехника саласындағы мұғалімдердің білімін арттыру, тәжірибе алмасу және шығармашылық қабілетін дамыту. Тиісті диалог алаңында жасанды интеллект пен робототехникадағы жаңа бағыттар талқыланды. Семинар барысында ЖИ-ді білім беру процесіне енгізу тәжірибесі таныстырылды. STEM және робототехника бағыттарында практикалық жұмыстар өтті. Мұғалімдер өз авторлық жобаларын, инновациялық әдістерін және заманауи IT құралдарын ұсынды. «Жасанды интеллект – білімде» секциясында қатысушылар AI құралдарын сабақта қолданудың тиімділігі мен шектеулерін талқылады. «ЖИ және креативті индустриялар» секциясында мұғалімдер Chatbot, Teachable Machine және шығармашылық жобалардағы AI рөлін көрсетті. «ЖИ және робототехника» бағытында дрондар мен 3D-технологияларды біріктірген практикалық жобалар таныстырылды. AI Robotics & Drone-2025 робототехника чемпионатына «Робо-ГИД» бағыты бойынша 15 топ, «Басқарылатын дрондар» бағыты бойынша 15 топ қатысты. Чемпионаттан кейін қатысушылар AEROO компаниясының негізін қалаушы Әлихан Рыспайдың жетекшілігімен өткен дрон-футбол шеберлік сабағына қатысты. Бұл ерекше тәжірибе барысында қатысушылар дрондарды басқаруды, ұшуды және командалық жұмыс дағдыларындағы дрондарды қолдану біліктіліктерін үйренді әрі жетілдірді. Жалпы мұндай іс-шаралар педагогтардың кәсіби шеберлігін арттырып, оқушылардың инновациялық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік беретіні айтылды.

Мектепте мәдени-рухани тәрбие де назардан тыс қалмаған. Атап айтқанда, білім ошағында ұлы ақын, ағартушы, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай «Абай – дана, Абай – дара қазақта» атты қазақ тілі мен әдебиеті пәні апталығы өтті. Оның мақсаты оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру, ұлы Абайдың рухани мұрасын дәріптеу, ана тілімізді құрметтеуге тәрбиелеу болды. Оның барысында «Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, ерінбе» атты кітап көрмесі, «Абай туралы не білеміз?» интеллектуалды ойын, Абай өлеңдерін оқу сайысы, «Жақсымен өткен бір күнім...» атты ғалымдармен кездесу, «Абай – дана, Абай – дара қазақта» әдеби-сазды кеш сияқты мазмұнды іс-шаралар ұйымдастырылды.

Білім ошағында дарынды оқушылар жеткілікті. Соның бірі 6 «қ» сынып оқушысы Мүсілім Айбек Ұлттық музей ұйымдастырған «Шырқа, дауысым» атты мектепаралық дәстүрлі ән байқауында I орынды иеленді. Осы апта басында мектепте математика, информатика, физика апталығы басталды. Апталықтың мақсаты – оқушылардың ғылыми-шығармашылық қабілетін дамыту, пәндерге деген қызығушылығын арттыру және логикалық ойлау дағдыларын жетілдіру. Оның барысында мұғалімдер мен оқушылар қызықты тапсырмалар, викториналар мен тәжірибелік жұмыстарға қатысып жатыр. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл қызыққа толы, білім мен жаңалыққа бай апталық болмақ.

Сәбина КӘКІМЖАН

ДАНАЛЫҚ

Қазақтың біртуар ғалымы Сейіт Қасқабасовпен сонау 90-жылдардың соңғы ширегінен бері таныс-біліс болғанымен етене араласып, ақыл-кеңесін тыңдау мүмкіндігі 2012 жылы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасына меңгеруші болып келген кезінен басталды.



Жеті жыл табан аудармай қасына шәкірт болып ілестім. Екеуміз күнде әдебиет, мәдениет, тарих, этнография, фольклортану туралы пікірлесетін едік. Менің мінезім, әңгімелерім Сейіт ағайға ұнап, баласындай еркелетіп жақсы көрді. Үйіміз көрші тұрғандықтан таңда жұмысқа бірге шығамыз, кешке бірге қайтамыз. Ол аздай, ағай кешке үйіне шайға шақырады. Ол жерде тағы көлкөсір әңгіме айтамыз. Сейіт ағайдың асыл жары Тамара тәтеміз бізді жаны қалмай күтеді. «Екеуіңнің әңгімелерің таусылмайды» деп күлетін. Сол уақытта Алты Алашқа ардақты академиктің шын мәнінде абыз тұлға, терең таным иесі екеніне көзім жетті. Өзі жүрген жерінде «Менің шәкірттен жолым болған адаммын. Солардың арасында Алматыда Серікқазы (Қорабаев), Астанада Серікзат деген жігіттердің көмегін көп көрдім» деп бізге деген жақсы ниетін айтып жүрді.

Сейіт ағаймен жақын араласқан жеті жылдың ішінде бірнеше рет табан астында жол табатын даналығына куә болдым. Ұмытпасам, 2015 жылы болуы керек. Сол кездегі Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің және Астана қаласының туған күніне орай бір топ жас талантты қабылдайтын болды. Астана қаласының сол кездегі әкімі Иманғали Тасмағамбетов Айтыс ақындары одағынан тізім сұратып, жиырма шақты ақынның ішінен қабылдауға баруға мені таңдап алыпты. Назарбаев университетінен бір жас химик ғалым, «Астана Опера» театрынан бір жас әнші, Олимпиада чемпионы Илья Ильин және ақындардан мен Республика Президентінің алдында сөз сөйлейтін болыппыз. Тізім анықталған соң Президент әкімшілігі бізді күнде дайындыққа шақыруды бастап кетті. Сөйлейтін сөзіміздің, айтатын әніміздің үтір, нүктесіне дейін тексереді. «Елбасыға барынша мақтау сөздеріңді айтыңдар» дейді. Ондай мақтауларды ақындық орта мен қара өлеңнің қалың жанкүйері қабылдай қоймайтынын білетін мен барынша ортасын алып сөйлеуге дайындалдым. Ол әкімшілік қызметкерлеріне ұнамады. Арасындағы бір дөкейі келді де: «Мен саған сөзді дайындап беремін. Сол мәтінмен сөйлейсің» деп бір-ақ кесті. Ертеңіне ақ параққа орыс тілінде бір бет сөз жазып әкеліпті. Мазмұнын оқысам асыра мақтау сөзден жүрек айниды. Айтпайын десем, ана басшы тақымдап қоймайды. Мен өзімнің ақын екенімді, ақындарға мұндай сөз айтуға

> Ондай «ұр да жық» мінезді шенеуніктер ешкімді аямайды. Сені көндірудің барлық айла-тәсілін қолданады. Амал жоқ, айтқанын істейсің. Бірақ сен мақтағанда өтірік айтпа, тек шындықты айт» деді. «Шындықты қалай айтамын сонда?» дедім таңданған кейіппен

болмайтынын ептеп түсіндіргендей болып едім, бірден ашуға мініп шыға келді. «Сіз не, мемлекеттің саясатына қарсысыз ба? Егер қарсы болсаңыз бірден айтыңыз. Қазір ректорыңызға телефон соғамыз!» деп мені біраз ықтырып алды. Әрі-бері уәж айтып едім, одан сайын өршеленіп кетті. Түсінбейтінін білген соң Ақорданың ішінде онымен тәжікелесіп тұруды артық санадым да, «жарайды, көрейін» деп көнгендей кейіп танытып кетіп қалдым. Үлкен үйден мойынына су құйылғандай еңсем түсіп шықтым. «Былай тартсаң өгіз өледі, былай тартсаң арба сынады» дегеннің кебін киіп, тығырықтан шығудың амалын іздей бастадым. Бір жігіттерге хабарласып едім, «Сейіт ағайдан сұрағаның дұрыс» деді. Ағаймен бұрын ондай тақырыпта сөйлеспеген соң ыңғайсыздау секілді көрінді. Бірақ басқа амал жоқ. Кешке ақыл сұрауға Сейіт ағайға бардым. Барлық жағдайды тәптіштеп сұрап, асықпай байыппен тыңдап алды да, «Серікзат, бұл оңай шаруа емес» деп басын шайқады. Сосын ойланып отырды да, «Есіңде болсын, үлкен билік – үлкен машина. Ол саған айтқанын қалай да істетеді. Оның үстіне саған тапсырма беріп отырған жігітті жақсы білемін. Ондай «ұр да жық» мінезді шенеуніктер ешкімді аямайды. Сені көндірудің барлық айла-тәсілін қолданады. Амал жоқ, айтқанын істейсің. Бірақ сен мақтағанда өтірік айтпа, тек шындықты айт» деді. «Шындықты қалай айтамын сонда?» дедім таңданған кейіппен. «Назарбаевтың жасаған жақсы істері бар ғой. Соларды айт. Тек асыра мақтама. Мына бес тарихи оқиғаның басында сіз тұрсыз де. Біріншіден, дүние жүзі қазақтарының басын қосатын қауымдастық құрдыңыз, екіншіден, еліміздің шекарасын құжатпен шегендедіңіз, үшіншіден, қиын шақта Астананы Арқаға көшірдіңіз, төртіншіден, Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде қазақша сөйледіңіз, бесіншіден, түркі халықтарының ынтымақтастығына ұйытқы болдыңыз де. Мұның барлығы шындық. Осы жұмыстардың атқарылуына Президенттің еңбегі зор. Солай сөйлесең, саған ешкім ештеңе демейді» деді. Шындығында, осы сөзді айтқанымда арыстандай ақырған әкімшілік қызметкері ләм деп ештеңе айтпады.

Тағы бірде Сейіт ағай екеуміз кешке жұмыстан үйге қайтқалы отырғанбыз. Ұялы телефоным шыр ете қалды. Көтерсем «Айқын» газетінің тілшісі Гүлзина Бектас екен. «Секе, сен кейінгі жаңалықтарды оқып отырсың ба? Министрлік қазақ тілі мен әдебиет пәндерін біріктіріп бір оқулық жазғалы жатыр екен. Түбінде екеуі бір пән болатын сияқты. Соған Айгүл Ісімақова бастаған филолог ғалымдар қарсы болып, дабыл қағып жатыр. Соған сенен пікір алып газетке берейін деп едім» деді. Қасымда отырған Сейіт ағай телефондағы әңгімемді тыңдап отырса керек, «не талқылап жатырсыңдар?» деп сұрады. Мен жағдайды баяндадым. «Ахмет Байтұрсынұлының кезінен бері екі бөлек пән болып келе жатқанды біріктіреміз деп не былықтырып отыр өздері? Журналистке айт. Мен де пікір беремін» деп ашуланған кейіп танытты. Содан ертеңінде «Айқын» газетінің бірінші бетіне екеуміздің қарсы пікіріміз жарқ ете қалды. Дер кезінде баспасөз арқылы тойтарыс бергенімізге риза болып біз жүрміз. Бір күннен соң таң атпай Сейіт ағай «екеумізді сағат онға ректор шақырып жатыр» деп телефон соқты. Кешегі берген сұхбатымыз естен шығып кеткен. «Ректор шақырса бір жақсылық бар болды ғой» деп мен өзімше мәзбін. Онға он бес минут қалғанда екеуміз ентелеп ректордың қабылдауына барып тұрдық. Ерлан Бәтташұлы бізді өте жылы қарсы алды. Сейіт ағайдың жағдайын сұрап, екеуі біраз әңгімелесті. Арасында ректор маған қарап «не бүлдіріп жүрсіңдер» деп ақырын сұрап қояды. «Ештеңе» деймін түк түсінбей. Бір уақытта мәселені өзі айтты. Сөйтсе, таң атпай министр телефон соғып, бізге шара қолдануды тапсырыпты. Мен ректорға жағдайды айтып едім «иә, кәсіби маман ретінде сендердің пікір айтқандарың дұрыс қой. Бірақ бір шеті біздің университетке тиіп кетіп отырған жоқ па?» деді. Министр мырза «Айқынның» бірінші бетіндегі аты-жөніміздің астында «ЕҰУ профессоры», «ЕҰУ доценті» жазылғанынан оқып бізді тауып алыпты. «Айналайындар-ау, сіздерге қашанғы айтамын өздеріңіздің жеке пікірлеріңізге университеттің атын қоспаңыздар деп. Енді маған жұмыс тауып беріп отырсыздар. Түсініктеме жазыңыздар. Мен апарып берейін» деді ректор күліп. «Не істейміз?» дегендей Сейіт ағайға қарадым. «Үйіңде Назарбаевтың кітабы жоқ па?» деді. «Баяғыда бір жиында бізге сыйға тартқан төрт томдығы бар болатын». «Соның ішінен Назарбаевтың тіл мен әдебиет туралы қанатты сөздерін теріп ал да, екеуміздің атымыздан түсініктеме жаз». Мен ағайдың айтқанын бұлжытпай орындап, «министрліктің жүргізгелі отырған реформасы Елбасының мына сөздеріне қайшы. Сондықтан біз мұндай өзгеріске қарсымыз» деп жазып бердім. Кейін Ерлан Бәтташұлынан сұрасақ, «түсініктемелеріңізді апарып бергенмін. Тіс жарып ештеңе айтқан жоқ» деді. Сірә, Елбасының саясатына қарсы болуға министрдің дәті шыдамаған болуы керек.

Сейіт Қасқабасов ағайдың мұндай тапқырлығы мен даналығына талай рет куә болдым. Оның барлығы алдағы уақытта тасқа түсер. Әзірге осы.

Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗЫ,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының кандидаты

«Ақ жол» демократиялық партиясына жекеменшік мектептердің өкілдері жүгінуде. Олардың айтуынша, соңғы айларда бұл салада мемлекеттік органдар тарапынан жедел шешімді қажет ететін күрделі және қарама-қайшы жағдай қалыптасты.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕР МӘСЕЛЕСІ АЛАҢДАТАДЫ

Республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге нысаналы трансферттер түрінде қаржыландыру функциясы берілгеннен кейін, өңірлерде бюрократиялық кідірістер, кассалық алшақтықтар және төлемдердің біркелкі еместігі байқалды.

Бүгінде елде 800-ден астам жекеменшік мектеп жұмыс істейді, онда 250 мыңнан астам бала білім алуда. Жекеменшік мектептер мемлекеттік сектордағы орын тапшылығын азайтып, елдің білім инфрақұрылымын толықтыруда маңызды рөл атқаруда.

Бұған дейін мемлекет жекеменшік инвесторларға мектеп құрылысына жұмсалған шығынды сегіз жыл ішінде өтеуге міндеттенген еді. Алайда жалпы сипаттағы трансферттер туралы заң жобасында бұл механизм алынып тасталды, бұл инвесторлар мен кәсіпкерлер арасында орынды алаңдаушылық туғызуда. Көптеген кәсіпкер осы уәделерге сүйеніп мектептер салған және нысандардың мақсатты пайдалану түрін 25 жыл бойы өзгертпеуге келісімшарт жасаған, ал қазір инвестицияның қайтарылмау және банктер алдындағы қарыздардың өсу қаупі туындап отыр.

Қосымша қиындықтарды 2025 жылғы 3 қазандағы «Қаржы орталығы» АҚ хаттамалық шешімі туындатты. Аталған шешімге сәйкес, жекеменшік мектептерді қаржыландыру жобалық қуат шегінде ғана жүзеге асырылуы тиіс. Бұл шешім оқу жылы басталып кеткеннен кейін қабылданды, барлық келісімшарттар жасалып, балалар Ұлттық білім беру деректер базасына (ҰБДБ) енгізіліп қойған болатын. Нәтижесінде жекеменшік мектептердің балаларды шығарып тастауға заңды негізі жоқ, ал мемлекеттік мектептерде оларды қабылдауға орын жетпейді. Бұл жағдай оқу процесінің үздіксіздігіне және балалардың білім алу құқығына нақты қауіп төндіруде.

Сонымен қатар, қараша және желтоқсан айларындағы төлемдер қазан айындағы көлем бойынша есептелуде, яғни нақты оқушылар саны ескерілмейді. Мұндай тәсіл «ақша оқушының артынан жүреді» қағидатына қайшы келеді. 2025 жылы ата-аналар төлемінің шекті мөлшері 250 айлық есептік көрсеткіш болып белгіленді. Бұған дейін бұл көрсеткіш 1000-1200 аралығында болған, жалпы бұл көрсеткіш төрт есеге қысқарды, сондықтан кәсіпкерлер тарапынан орынды алаңдаушылық туындауда.

Осындай қиындықтар жекеменшік балабақшаларда да байқалуда. Олардың айтуынша, 2022-2025 жылдары коммуналдық қызметтердің құны екі еседен астам өсті, салық жүктемесі арты, ал еңбекақы мен ағымдағы шығындар айтарлықтай көбейді. Бұл жекеменшік балабақшалардың қаржы тұрақтылығына және балаларға сапалы жағдай жасау мүмкіндігіне қауіп төндіріп отыр. Осыған байланысты «Ақ жол» демократиялық партиясы мынадай мәселелерді қарастыруыңызды сұрайды:



1. 2025 жылғы 3 қазандағы «Қаржы орталығы» АҚ хаттамалық шешімінің жобалық қуат бойынша шектеуін ағымдағы оқу жылының соңына дейін тоқтата тұру;

2. Жекеменшік мектептердегі оқушылардың нақты контингенті негізінде (ҰБДБ деректерімен) бірыңғай стандарт арқылы толық әрі уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз ету;

